

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2015 жылғы  
15 маусымдағы № 206 қаулысымен  
бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің жанындағы «Бизнестің жол картасы 2020»  
бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын  
іске асыру жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесі туралы  
ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) іс-қимылы аясында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бойынша шаралар қабылдау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау үшін құрылған облыс әкімдігінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті және Үкіметінің актілерін, әкімдік қаулыларын, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

### **2. Кеңес міндеттері**

3. Мыналар Кеңестің міндеттері болып табылады:

- 1) жеке кәсіпкерлік субъектілері жобаларының Бағдарлама өлшемдеріне сәйкес келуін қарау;
- 2) мыналардың мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау:
  - сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;
  - кредитке кепілдік беру;
  - өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдауды ұсыну;
- 3) Бағдарламаны іске асыруға байланысты өзге де мәселелерді қарау;
- 4) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

### 3. Кеңес өкілеттіктері

4. Кеңес өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

1) мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдармен Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасауға;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерін шақыруға және Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тыңдауға;

3) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан Кеңес міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

4) Кеңес тиісті қаржы жылында субсидиялауға арналған бюджет қаражаты болған жағдайда ғана жобаларды қарайды.

### 4. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5. Кеңес төраға, төраға орынбасары, хатшы және Кеңес мүшелері құрамында құрылады. Кеңес мүшелерінің саны 12 адамнан аспауы тиіс, оның кемінде 50%-ын кәсіпкерлік қауымдастығы ұсынуы тиіс.

6. Кеңесті лауазымы бойынша облыс әкімі болып табылатын төраға басқарады.

7. Кеңес құрамын облыс әкімі қалыптастырады және облыстық мәслихат сессиясымен бекітіледі.

Кеңес төрағасының орынбасары облыс әкімінің орынбасары болып табылады;

Кеңес мүшелері мыналар болып табылады:

облыстың атқарушы орган басшылары (бағдарлама үйлестірушісі, әкімшісі, жұмыспен қамту саласын қадағалайтын орган);

кәсіпкерлік қауымдастығының өкілдері;

кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымына жататын өзге де ұйым өкілдері.

8. Кеңес отырысы жобалардың қалыптасуына қарай, бірақ айына кемінде 2 (екі) рет өткізіледі.

9. Кеңес отырысы оған Кеңес мүшелері санының кемінде үштен екісі (кворум) қатысқанда өткізіледі.

10. Кеңестің шешімі қатысушылардың жалпы санының кемінде үштен екісімен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда, төраға дауысы шешуші болып табылады.

11. Кеңес отырысының нәтижесі бойынша хаттамамен ресімделетін шешімдер қабылданады, оған Кеңестің барлық мүшелері қол қояды.

12. Кеңес төрағасы:

1) Кеңес қызметін басқарады;

2) оның отырыстарында төрағалық етеді;

3) мемлекеттік және өзге де органдармен Кеңес құзыретіне енетін мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

13. Төраға болмаған кезде оның функциясын Кеңес төрағасының орынбасары атқарады.

14. Кеңес мүшелері:

1) Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер қаралғанда дауыс құқығына ие;

Кеңес мүшелері қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, отырыс хаттамасына жазбаша түрде қосып тіркелетін өзінің ерекше пікірін білдіруге;

Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктердің Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес, отырыс және жиналыстарына қатысуға;

2) Кеңес төрағасының өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тапсырмаларын орындауға міндетті.

15. Кеңес хатшысы Кеңес мүшесі болып табылмайды және дауыс құқығына ие емес.

16. «Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кеңестің жұмыс органы, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылады.

17. Петропавл қаласында немесе аудандық деңгейде Бағдарламаны іске асыруға жауапты қаланың/ауданның кәсіпкерлік бөлімі Бағдарламаның жергілікті үйлестірушісі болып табылады.

18. Бағдарламаның жергілікті үйлестірушісі кәсіпкерлік субъектісінен сауалнама-өтініш пен белгіленген стандарттарға сәйкес қажетті құжаттарды алғаннан кейін ұсынылатын құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады және жобаны жұмыс органына қарауға жолдайды.

19. Жұмыс органы:

1) Кеңес үшін кәсіпкерлер жобалары бойынша ұсынымдар әзірлейді;

2) Кеңес отырысы өткізілетін күнді, уақытты және орынды айқындайды, күн тәртібі мәселесін айқындайды, бұл туралы Кеңес мүшелерін хабардар етеді;

3) Кеңес отырыстарына материалдар дайындайды;

4) отырыс хаттамасын ресімдейді;

5) хаттаманы қажетті құжаттармен уәкілетті органға келісім алуға жібереді;

6) отырыс өтетін екінші деңгейдегі банк филиалдары/Даму банкі/лизингтік компаниялар, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ӨФ, жеке кәсіпкерлік субъектілері және Бағдарламаның жергілікті үйлестірушілеріне мүдделі тұлғаларға кәсіпкерлікке қолдау көрсету жөніндегі ілгерідегі жұмысты жүзеге асыру үшін қабылданған шешім туралы хабарлайды;

7) Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды;

8) Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.